


11.0003  
5883<sub>14</sub>

САБЫРЖАН ШҮКІРҰЛЫ

ТАНЫС СӨЗДІҢ  
БЕЙТАНЫС СЫРЛАРЫ

*САБЫРЖАН ШҮКІРҰЛЫ*

*ТАНЫС СӨЗДІҢ  
БЕЙТАНЫС СЫРЛАРЫ*



**«Сөздік-Словарь»**  
**Алматы 2004**

81:39

ББК 81.2Қаз

Ш 96

Бұл туынды Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігінің бағдарламасы бойынша  
шығарылып отыр

Шүкірұлы С.

Ш 96 Таныс сөздің бейтаныс сырлары — Алматы: “Сөздік-Словарь”,  
2004. — 160 бет.

ISBN 9965-409-64-1

Белгілі қаламгер Сабыржан Шүкірұлының бұл кітабында негізінен ұзақ жылдардан бері тірнектеп жинаған көне сөздер мағыналары тектеледі. Сонымен қатар біршама жаңа сөздердің пайда болу жолдары мен сырлары түсіндіріледі. Сондай-ақ, автор қолданысқа енгізген балама сөздер сөздігі, ел аузынан жиналған сирек естілетін мақал-мәтелдер, соның ішінде тіл өнеріне қатысты нақылдар бар.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

Ш


4602020400

00(05)-04

ББК 81.2Қаз

КҮ

55074



ISBN 9965-409-64-1

© Шүкірұлы С., 2004  
© “Сөздік-Словарь”. 2004

## I. МӘДЕНИЕТ ТЕГІ — СӨЗ

Көне түркіден келе жатқан бір қағидамыз — “Әдеп басы — тіл” деген сөз екен. Бағзы заманғы өздерін көшелі жұрт санаған елдердің этика, этикет деп сырбазданғандары осы Әдеп болса керек. Бұл бүгінгі мәдениет сөзінің де бір баламасы. Әдепсізді — мәдениетсіз дейді. Біздің ұлттық әдебіміздің өзі жатқан бір әлем, айтып тауыса алмайтын, ой қуатымен ғана қамтылар құбылыс. Ол санаулы ғана жанның іс-әрекеті емес, тұтастай бүтін ұлттың, ісі қазақтың жаратылыстан бергі ғұрып-салтын өрнектейді. Осының бәрінің арғы тегінде тіл жатыр.

Мәдениет — тіл. Тіл — сөз. Сөз — барша өнердің бастауы. Сөз әдебиет жасайды. Әдебиеттен бүкіл сахна өнері туындайды. Спектакль, опера, кино — барша театр негізі сөзде. Осы және осыларға сабақтас жатқан басқа да өнер салалары қаншама өнерпаздардың таланттарын ашып, көпке танытады. Өнер санлақтары сол сөзден бастау алған өнерлерден гүл ашып, мәдениет қайраткерлеріне айналады. Тарихтың да тегі — сөз. Қандай керемет оқиға болсын, сөзбен шежіреленеді. Одан туындайтын кино, сурет, фото, ескерткіш т.б. кескіндеме өнер туындылары да сөзбен түсіндіріледі. Бұлар да мәдениеттің бір саласы, бірегей саласы.

Ғылымның барша тарауы сөзден шығады. Ата ғылым — пәлсападан бастап, есепке дейін — сөз. Ал, бүкіл дүние ағысының, қоғамдық — саяси-әлеуметтік құбылыстардың қозғаушы күші пәлсапа мен есепте жатыр.

Сөз өнерін игермеген көсем де бола алмайды. Тіпті саясат додасына кіруінің өзі де мүмкін емес.

Адамзат баласының жаратылғаннан бергі ақыл-ойын біріне-бірін жалғап келе жатқан да сөз. Сөз — ошактың отындай, адамға жылу, қуат беріп, үмітін алға жетелейтін аса бір хикметтік құбылыс. Соның ішінде ақынжанды қазаққа сөз қадірі айрықша. Сөзді — Қазақтың бір жаны, мың өліп, мың тірілген ұлтымыздың феникстей жансебілдігі де осы сөзінің қасиеттілігінде десе болар.

Қазақ әдепсізін сөзбен ұялтып, тыйған. Жетесізін сөзбен қайрап, шыңдаған. Батырын сөзбен айбарлап, қайтпастай қайсар еткен. Ханын сөзбен тежеп, дауын сөзбен шешкен. Алғайтынына да, қарғайтынына да сөз күшімен ықпал еткен. Жауына да оқтан бұрын әуелі сөзін жұмсаған, көбіне тіл қуатымен мәмілеге келтірген. Дат! деген бір сөзі қаһарлы ханның бас алмақ қылышын төмен түсіріп, сөз алған. Талақ! Деген жалғыз сөз неке ажыратып, Аруақ! деген арқалы сөз шеп бұзған. Жау! Аттан! Шап!

Бұл туынды Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігінің бағдарламасы бойынша  
шығарылып отыр

Шүкірұлы С.

Ш 96 Таныс сөздің бейтаныс сырлары – Алматы: “Сөздік-Словарь”,  
2004. – 160 бет.

ISBN 9965-409-64-1


Белгілі қаламгер Сабыржан Шүкірұлының бұл кітабында негізінен ұзақ жылдардан бері тірнектеп жинаған көне сөздер мағыналары тектеледі. Сонымен қатар біршама жаңа сөздердің пайда болу жолдары мен сырлары түсіндіріледі. Сондай-ақ, автор қолданысқа енгізген балама сөздер сөздігі, ел аузынан жиналған сирек естілетін мақал-мәтелдер, соның ішінде тіл өнеріне қатысты нақылдар бар.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

Ш 4602020400  
00(05)-04

ББК 81.2Қаз

55074



ISBN 9965-409-64-1

© Шүкірұлы С., 2004  
© “Сөздік-Словарь”. 2004

## I. МӘДЕНИЕТ ТЕГІ — СӨЗ

Көне түркіден келе жатқан бір қағидамыз — “Әдеп басы — тіл” деген сөз екен. Бағзы заманғы өздерін көшелі жұрт санаған елдердің этика, этикет деп сырбазданғандары осы Әдеп болса керек. Бұл бүгінгі мәдениет сөзінің де бір баламасы. Әдепсізді — мәдениетсіз дейді. Біздің ұлттық әдебіміздің өзі жатқан бір әлем, айтып тауыса алмайтын, ой қуатымен ғана қамтылар құбылыс. Ол санаулы ғана жанның іс-әрекеті емес, тұтастай бүтін ұлттың, ісі қазақтың жаратылыстан бергі ғұрып-салтын өрнектейді. Осының бәрінің арғы тегінде тіл жатыр.

Мәдениет — тіл. Тіл — сөз. Сөз — барша өнердің бастауы. Сөз әдебиет жасайды. Әдебиеттен бүкіл сахна өнері туындайды. Спектакль, опера, кино — барша театр негізі сөзде. Осы және осыларға сабақтас жатқан басқа да өнер салалары қаншама өнерпаздардың таланттарын ашып, көпке танытады. Өнер саңлақтары сол сөзден бастау алған өнерлерден гүл ашып, мәдениет қайраткерлеріне айналады. Тарихтың да тегі — сөз. Қандай керемет оқиға болсын, сөзбен шежіреленеді. Одан туындайтын кино, сурет, фото, ескерткіш т.б. кескіндеме өнер туындылары да сөзбен түсіндіріледі. Бұлар да мәдениеттің бір саласы, бірегей саласы.

Ғылымның барша тарауы сөзден шығады. Ата ғылым — пәлсападан бастап, есепке дейін — сөз. Ал, бүкіл дүние ағысының, қоғамдық — саяси-әлеуметтік құбылыстардың қозғаушы күші пәлсапа мен есепте жатыр.

Сөз өнерін игермеген көсем де бола алмайды. Тіпті саясат додасына кіруінің өзі де мүмкін емес.

Адамзат баласының жаратылғаннан бергі ақыл-ойын біріне-бірін жалғап келе жатқан да сөз. Сөз — ошақтың отындай, адамға жылу, қуат беріп, үмітін алға жетелейтін аса бір хикметтік құбылыс. Соның ішінде ақынжанды қазаққа сөз қадірі айрықша. Сөзді — Қазақтың бір жаны, мың өліп, мың тірілген ұлтымыздың феникстей жансебілдігі де осы сөзінің қасиеттілігінде десе болар.

Қазақ әдепсізін сөзбен ұялтып, тыйған. Жетесізін сөзбен қайрап, шындаған. Батырын сөзбен айбарлап, қайтпастай қайсар еткен. Ханын сөзбен тежеп, дауын сөзбен шешкен. Алғайтынына да, қарғайтынына да сөз күшімен ықпал еткен. Жауына да оқтан бұрын әуелі сөзін жұмсаған, көбіне тіл қуатымен мәмілеге келтірген. Дат! деген бір сөзі қаһарлы ханның бас алмақ қылышын төмен түсіріп, сөз алған. Талақ! деген жалғыз сөз неке ажыратып, Аруақ! деген арқалы сөз шеп бұзған. Жау! Аттан! Шап!

дегенде бұғып қалар еркеккіндік бола бермеген. Тоқтат! деген әмірлі сөз әрекетті қалт тыйған. Бітім! Сауға! Араша! сұралса, тыңдалмай қалмаған. Кеш! деп басын игенде, кешірімес кінә, кешпес пенде сирек болған. Алдына келсе, атаңның құнын кеш деген сөз содан қалған. Неткен мәрттік!

Қазақ тілінің даму үстіндегі жанды тіл екендігіне шәк жоқ. Қазақ тілінің бастауы Тәңірінің қазақ деген халықтың тегіне жан салып, рухына сезім берген сәтінен басталады. Бұл біздің тарихшылар болжалдап жүрген қазақ жұртының шектеулі шежіресінен әрірек жатқан таным. Қазақ тілі деген сөз — қазақ ұлты деген сөз, егер қазақ тілі деген атау болмаса, қазақ халқы да, мемлекеті де болмас еді. Тәңірінің бізге қазақ тілін бергені қазақ ұлты, қазақ елі болып өмір сүр дегені. Бұл Тәңірі бұйрығын бұзуға, бұздыруға біздің де, басқаның да еш қақысы жоқ. Қазақ тілі уақыт пен кеңістікте қалай жаратылған болса, оның ғұмырлылығы да сол уақытта мәнгілік, сол кеңістіктей шексіз болмақ. Бұл он миллионнан асқан халықтың, жер кеңістігі зор халықтың, ауылы мен қаласы тең халықтың, жеті жұрттың тілін біліп, ілім-білімнің барша сырына қаныққан, халықтық рухынан, салт-санасынан айрылмаған, әдеби қазынасы мол, тілдік қоры бай дербес ұлттың сыбағасы. Біз сандық тұрғыда ұлы халық болмасак та, іргелі елміз. Айбынатын, қаймығатын ештеңе жоқ. Түңлістің тіпті де жөні жоқ. Ешбір ұлттың тіліне қиянат жасамай-ақ, өз тілімізді тиісті құқында пайдаланып, қолданыс аясын қалпына келтіруіміз керек. Иә, қалпына келтіруіміз керек. Өйткені, біз әуелде қазақ тілінде сөйлеуге жаратылғанбыз, осы тілде сөйлеп келгенбіз. Сөйлеуге де тиістіміз. Мемлекеттік тіл барлық ресми орындар мен мекемелерде міндетті түрде бірінші қолданыс тілі болуы керек. Орыс тілі қажетіне қарай, тілмаш, аудармашы арқылы қолданылатын түсіндіруші тілге айналуға тиісті. Өйткені, бізде қазір ұлтаралық тіл тек орыс тілі ғана емес, бұл міндетті қазақ, түрік, ағылшын т.б. тілдер де атқара бастауда. Біздің, тіпті қытай, индия, араб елдері жұрттарымен орыс тілінсіз, тура тілдесу мүмкіндігіміз еркін болып отыр. Басқа елдермен қарым-қатынаста да үшінші тілдің қажеті шамалы. Тек біздің өзімізге бұрынғы дағдыдан арылсақ болды. Қазақ тілі Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық тіл болуға, ал халықаралық қарым-қатынаста қандай да болсын нақты бір елдің ресми тілі мен сөзбе-сөз жауаптасуға еркін жарайды. Қазақ тіл білімінің бастауында тұрған Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы орыс және европа лингвистерінің еңбектерімен жақсы таныс, негізгі білімді солардан алғанымен де, қазақ тілінің әліппесін, грамматикасы мен басқа да жүйелерін негіздеуде көне түркілік және араб тіл білімдеріне сүйенгені аңғарылады. Махмут Қашқари сөздігін және

басқа да көне жазба еңбектерді білген, зерттеген, пайдаланған, қазақ тілі тәжірибесінде дамытқан. Кейін мұның бәрі саясат құрбаны болды.

Қазақ тіл ғылымы бірыңғай орыс тілі ережелеріне негізделуге айналды. Қазақ тіл ғылымының негізгі еңбектері орыс тілінде жазылатын болды. Оларда орыс ғалымдарының дәйек сөздері сықастырылып, орынды-орынсыз танымдар тықпаланды. Кеңес заманының соңғы жылдарындағы қазақ тілінің ережелерін қазақша түсінуден қалдық.

Мұның салқыны қазіргі кандидаттық, докторлық еңбектерде әлі де жалғасуда. Осыдан да қазақ тілінің бұрынғы, қазақы сөз жасалым мүмкіндіктері көмескі тартып, шұрайлы тіл сұйылып, өзін қазақ тілін бір адамдай білемін деп санайтын кісілердің өзінің сөзді нақпа-нақ айтпасаң, көркем тілді түсінбейтін қалге жеткендігі байқалады. Бұл мысалға ма, ме, ба, бе, па, пе, ман, мен жұрнақтары арқылы жасалған және басқа да жеке танымдарды білдіретін сөздерге қарсылық білдіріп жүрген пікірлерден байқалады. Бұл тіл білімі саласындағы түсінік-насихаттық істердің кемшіндігі, талапқа сай оқулық, әдебиеттердің тапшылығы, тіл біліміне қатысты соңғы жылдарғы таным-түсініктердің талданбауы, тілдің жеке мәселелері бойынша пікір алысулардың өтпейтіндігіне де байланысты ма деймін. Таза лингвистикалық шайқастар мүлде жоқ. Бізде қазір көркем әдебиет саласындағы шығармалар да тілдік тұрғыда талданбайтын, талқыланбайтын болып кетті. Баспасөз, электрондық ақпараттардағы сөзқолданыстарға шолу, талдау жоққа тән. “Езулеріне күлкі жүгіріп”, “қанағаттанарлық айтуға болады”, “говядина, свинина, бәріміз жиналып бардық”, “бағбандарға арналған шесть сотых”, “любой уақытта нені не қыламыз да, нетіп аламыз”, “в основном сол, солай, так”, “потому что, жоқ”, “әйел-аналар”, “әйел-қыздар”, “нәтижесінде оба ошақтарына жан бітті”, “скорый помыш дайындадық”, “январдың планы бойынша”, “артынан неткен соң қылышыңды артқа шап”, “олай болатын болса, солай емес пе”, “совсем ұят”, “сырьесі есепті”, “ақсақалды құрылысқа айналған”, “тіл алмағыштар”, “прокурор енді өзінше шатастар ойласа”, “үкіметте жүріп, адамның басын ұмытып кетеміз”, “әйел адамдарды итермелеп көтермелеу ер азаматтар тарапынан аз”, “шариғат терминімен алғанда”, “біздің потерпевшийлерімізді қорғайтын заң жоқ”, “который действительно жақсы” дегендей сөйлемдер қоқып кетіп жатады.

Тіл мәдениетіне, тіл әдебін сақтап сөйлеуге, қазақшаға келгенде көп азаматтар көңіл бөлмейді. Бірқатары қазақша тіл сындыруға пейілді де емес. Бұл сондайларға талаптың, ұялтудың



жоқтығынан. Егер қазақша дұрыс сөйлемейтін, сөйлегісі келмейтін, әдейі сөйлемейтіндерге (әлбетте, қазақтарға) барлық жағдайда ескерту жасалып, қақпайлау болса, қалай сайрағанын көрер едік. Қазақтардың неліктен жаппай орысша сөйлеп кету себебін еске алыңыздар. Иә, күнкөріс үшін-ді. Орысша білмесең, орын жоқ-ты. Қой бағудың өзіне орысша керек болып қалып еді ғой. Міне, қазіргі Мемлекеттік тіл, қазақ тіліне де осындай қажеттілік туғызылуы керек. Ол сонда ғана бағаланып, құнданбақ, жалпы мемлекеттік, бұқаралық һәм ресми тілге айналмақ. Оның өміршеңдігінің кепілі де осы. Ғасыр басында Ахан, Ахмет Байтұрсынұлы — “Қазақта газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл — газета, журналы шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда қазақ тілі жоғалмас”, — деп бір тәубе жасаған екен. Бұл 1914 жыл болатын. Одан бері патшалы Ресей заманы, буржуазиялық революция, Алаш орда өкіметі, Кеңес дәуірі өтті. Буырқанған XX ғасыр өтті. Ахан айтқаны келіп, тілімізді жоғалтпай ғасыр тоғысына, жаңа дәуір — Тәуелсіз ел, дербес мемлекет болу қадамындағы XXI ғасырға аяқ бастық. Біз де тәубе десек болады. Қазақ тілінің бүгінгі қал-жағдайы дәл сол ғасыр басындағыдан сорлы емес. Ахан дәл сол аласапыран тұстың өзінде қазақ тілі қауіптен құтылды десе, біз бүгін мұратқа жеттік деп білуіміз керек. Бүгінгідей құқықтық тұрғыдағы төрт құбыласы түгел тұрған тілдің ендігі олпы-солпысын жөнге келтіру қолдағы іс, оңай шаруа.

Қазақ тілі, еліміздің мемлекеттік тілі — Қазақстан Республикасы мәдениетінің негізі, ұйтқысы болып келген, болып та отыр, бола да беруге тиісті. Тіліміз ұлтымызды сақтап тұрса, ұлтымыз да тілімізді өз қуатында сақтауға рухани өресінде деп сеніммен айтуға болады. Алайда, бұл жалпы бағдар, мүмкіндік. Ұлттық мәдениетіміздің өрелене түсуі үшін ұлттық тіл өміріміздің барлық саласында қолданбалы, жанды тілге айналуы қажет. Біздің тіліміз бұл күнде қоғамымыздың бірқатар салаларында кәдесіз, тіпті жұмыссыз десек болады. Қазақ тілінің тұтастай ұлттық деңгейде күнкөріс құралына айнала алмай отырғандығы өкінішті. Қызмет былай тұрсын, кезкелген қара жұмысқа тұруға жармайтын орындар бар. Оның мемлекеттік тіл мәртебесі біртұтас мемлекеттік деңгейдегі қажеттілігімен қамтамасыз етілуге тиісті.

## II. ТІЛ ҚАСИЕТІ ТУРАЛЫ

(халық сөзі)

- \*Тіл буынсыз, ой түпсіз.
- \*Ат жүйрігі айырады,  
Тіл жүйрігі қайырады.
- \*Тіл қылыштан да өткір.
- \*Бал тамған тілден у да тамар.
- \*Шешеннің тілі — шебердің бізі.
- \*Ине көзінен сынады,  
Шешен сөзінен сынады.
- \*Қаһарлы сөз қамал бұзады.
- \*Сөзге төзген би болады.
- \*Шешеннің сөзі мерген,  
Шебердің көзі мерген.
- \*Піл көтермегенді тіл көтереді.
- \*Аузы құлып сандықты кілт ашпаса, тіл ашар.
- \*Қызыл тіл — жанның мияты,  
Абыройлы ердің қуаты.
- \*Орақ ауыз, от тілді.
- \*Шебердің қолы ортақ,  
Шешеннің тілі ортақ.
- \*Шебер — көптің анасы,  
Шешен — көптің опасы.
- \*Топ алдында сөз бастау,  
Қол бастаудан да қиын.
- \*Аяқтан сүріндірсең сүріндір, тілімнен сүріндірме.
- \*Алашағым кетсе де, айташағым кетпесін.
- \*Сөз тапқанға қолқа жоқ.
- \*Орайы келген сөз — орынды сөз.
- \*Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
- \*Ханның сөзін құл да айтады, құл сөзінің құны жоқ.
- \*Жақсы байқап сөйлер,  
Жаман жайқап сөйлер.
- \*Андамай сөйлеген  
ауырмай өлер.
- \*Сүңгінің жарасы бітер,  
Тіл жарасы бітпес.
- \*Өнер алды — қызыл тіл.
- \*Аз сөз — алтын,  
Көп сөз — көмір.
- \*Тілімен тас жаруына қарама, басқаруына қара.
- \*Сөз атасы — құлақ,

- Жол атасы — тұяқ,  
Су атасы — бұлақ.  
\*Сөз жүйесін тапса,  
Мал иесін табар.  
\*Үндемеген үйдей бәледен құтылады.  
\*Сөйлей білмеген сөзді өзіне келтіреді.  
\*Аузынан сөзі түскеннің,  
Қолынан бөзі түсер.  
\*Олақтың сөзі орашолақ жамаудай.  
\*Дәулет қонса — көсем бол,  
Бақ қонса — шешен бол.  
\*Шешен сөз бастар,  
Батыр қол бастар.  
\*Сөйлей білмес жаманның —  
Сөзі өтпес бір пышақ.  
Сөз білетін адамның —  
Әр сөзіне бір тұсақ.  
\*Айта білмесең ақың кетеді.  
\*Сөз түсінген — сөздің құлы.  
\*Сөзім өлгенше, өзім өлейін.  
\*Жақсы сөз — жарым ырыс.  
\*Көңіл көзін сөз ашар,  
Сөйлемесе кір басар.  
\*Шешен дау таңдамас,  
Батыр жау таңдамас.  
\*Көз жетпеген жерге сөз жетеді.  
\*Жылы-жылы сөйлесе, жылан да інінен шығады.  
\*Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.  
\*Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді.  
\*Сөз шынды табар.  
\*Жүзден біреу — шешен,  
\*Мыңнан біреу — көсем.  
\*Ер — жаугершілікте, би — даугершілікте.  
\*Дауда — би, жауда — батыр беделді.  
\*Ер беделін жау келгенде,  
Би беделін дау келгенде сына.  
\*Адам аласынан сөз аласы жаман,  
От шаласынан сөз шаласы жаман.  
\*Қыздырманның қызыл тілі.  
\*Ауруда шаншу жаман,  
Сөзде қанқу жаман.  
\*Білімдіден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез.

- \*Басқа пәле тілден.
- \*Сөз келтірді.
- \*Тіл тигізді.
- \*Тіл тимесін.
- \*Тіл-көзден сақтасын.
- \*Тіл-ауызым тасқа.
- \*Жамбасқа тісім тиген жоқ,  
Құдайға тілім тиген жоқ.
- \*Тіл өнері дертпен тең.
- \*Тіл тас жарады, тас жармаса бос жарады.
- \*Ұлы сөзде ұяттық жоқ.
- \*Аталы сөзге арсыз тоқтамайды.
- \*Сөз қатты түсінген соң көңілге жатып қалады.
- \*Құлақтың қарыны жоқ тоятұғын.
- \*Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін қабады.
- \*Намысты қорғай алмаса, қызыл тілден не пайда.
- \*Ақылдыдан сөз сұрасаң — ойдағыңның әржағын айтады,  
Ақымақтан сөз сұрасаң — қайдағы мен жайдағыны айтады.
- \*Сөзді ұзынынан айтсаң — мылжың дейді, қысқасынан айт-  
саң түсінбейді.
- \*Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.
- \*Бидің көңілін шегерме — тілінің керегі болар,  
Ердің бетін қайырма — білегінің керегі болар.
- \*Ауыз өтірік айтса — мұрт күледі,  
Жорналшы өтірік айтса — жұрт күледі.
- \*Ағашымен жер көгереді, тіліменен ел көгереді.
- \*Газет — айна, сөзі пайда.

### III. ШЕШЕНДІК

Қылыш қимасты тілмен кескен, бүгілместі сөзбен иген дана халқымыздың ханы қараның “Дат!” деген бір сөзіне мәулет етіп, бұқарасы ханының әділ жарлығын екі дегізбеген. “Айтты — бітті, кесті — үзілді” деп тынатын мәрт мінезді жұртымыз қашаннан кісі тындап, ой сыйлап, сөзге тоқтап өскен. Тура сөзді бала айтты ма, шал айтты ма, әлі балиғатқа да толмаған қыз айтты ма, ана айтты ма, әлде батыр, әлде бек, не бай, не жарлы — есеп емес, тек дөп келген сөзі болсын, билік шешімі сонікі. Сөзге иланып, сертке сеніп өскен жұртымыз қағаздасып-хаттаспай-ақ, бар шаруасын айтқан сөзімен, жолдаған сәлемімен-ақ тындыра білген. Біреуге ашуы келсе де, кегі кетсе де, бірден кескектеспей,

адуын сөзін алға ұстап, айбатын тіліне салып, кімге де болса айбынбай айтып, айыбын әшкере еткен. Жер дауы ма, жесір дауы ма, әлде кісі құны ма, тіл күшімен, сөз құдіретімен қайырып, мәмілеге келтірген. Сөзбен-ақ, шешпеген дауы, тындырмаған ісі болмаған.

Ақылды ту, сөзді би еткен сол халқымыздың бұл күнде ойы сұйылып, сөзі тұтығып бара жатқандай. Сот, прокурор, қорғаушы, милиция қызметкерлерінің жазғандары мен айтқандарынан көңіл қалады. Мемлекеттік қызмет орнындағылардың біразы сөйлей де, кісімен сөйлесе де білмейді. Депутаттарымыздың да ұлттық тілдің шырайын шығарып жүргендері шамалы. Саяси партиялар мен қозғалыстардағы “көпті өз соңыма ертемін” деп жүргендердің де дені мемлекеттік тілді білмейді, оның мүмкіндігін пайдалануды ескермейді. Жастарымыз роботша санаулы ғана сөздермен шектеледі.

Уа, халайық! Осылай кете береміз бе, жоқ әлде, ата салтымызға да бір бұрыламыз ба? Бұрылған емес, оралармыз, оралуға тиістіміз. Сол үшін де, әрбір азамат, халқымыздың ұл-қызы сөз сырын біліп, шешендік құпиясын игерулері парыз. Ниет — осы мақсатқа септесу.

Қазыбек бабамыздың:

— Үй жанында биік төбең болса,

Ол ерттеулі аттан кем емес.

Отбасында білгір қартың болса,

Ол жазылған хаттан кем емес, — деген сөзі бар. Біздікі осы ғибратты өнеге тұтып, азды-көпті білгенді кейінгі толқынның есіне салу.

\* \* \*

Сөз өнері қазақта ғана емес, тарихқа ертеден мәлім өзге жұрттарда да қасиет тұтылған. Әсіресе, бағзы заманғы римдіктер аса қастерлеген. Афиналықтар Халық жиналысында Эсхин сөйлегенде: — Қандай тамаша сөйлейді, — деп шаттанатын болған. Ал, Демосфен сөзін аяқтағанда, — Баста бізді майданға! — деп дуылдасады екен.

Сөз құдіреті, сөздің көптің ақыл-ойын билеп, санаға әсер етуі — айта білуге байланысты. Демосфеннің өзі, — Ең маңыздысы сөздің қалай айтылғандығында, — депті. Оның сөзінің тыңдаушыларына әсерлі болуында — айту тәсілі, үні мен толғауы, сөз үйлестіруінің маңызы айрықша болған. Ол шешеннің сөзі тыңдаушыларына ұнап, белгілі бір мақсатты пікірге икемдеуі керек дей отырып, сөздің ықпал ету күшін арттыратын тәсілдерін іздестірумен бол-

ған. Демосфен шешендік сөздің түйдектілігін, екпінділігін дамытуда басқалардан асып түсіп, оның шеберлігі мен икемділігін сахналық қимылға дейін жеткізген. Сол тәсілдердің бірі, сол кезде тек актерлер ғана трагедиялық ойындарда қолданатын, қол қимылы болыпты. Бұл — дәстүрді бұзып, шешен сөйлегенде асқақ қалпын өзгертпей, тек аракідік қана қол қимылын жасауы керек, дейтін Периклдің өзінен де асып түскендік еді. Алайда, Демосфен өз сезімін толқытқан жайларды еркін жеткізуге қажетті сөздің табиғи шығуы, қозғалыс пен қол қимылдарын орындау шеберлігін өзінің екпініне бағындыра білген.

Шешен өз сөзінің ықпалдылығын арттыруда қас-қабақ, қол, бүтіндей дене қозғалысының мүмкіндіктерін орайлы пайдалануды игерген.

Бірақ, асыра әсірелікке ұрынбаған, өлшемін білген. Маңызды мәселе туралы тым әртістене сөйлеуді Аристотель де талғамның төмендігі деп жаратпаған. Көпірме қызыл сөзділер мен даурықпаларды, лепірме, өзін ұстай білмей, орынсыз аласаттанып, ойнақшығандарды жұрт қашан да келеке еткен.

Демосфеннің бір қасиеті, сөзін бұлдыратпай, қызылдамай, ойын ашық та айқын айтқан. Сөзді негізгі айтпақ ойына бағындырған. Сөз арасындағы түрлі ескертпелері болсын, мысалдары болсын, не бір қосымша сөзі болсын, бәрі-бәрі басты айтылуға тиісті мәселеге қызмет еткен. Сондай-ақ, ол сөздің әсерлілігін арттыра түсетін жалпыға ортақ, сезімге тиер риторикалық сұрақ тастау, қарама-қарсы салыстыру, метафора, шендестіру тәсілдерін де икемді пайдаланған, ең бір жиі қолданатыны — сөйлеспелі тәсіл, яғни диалогты пайдалануы болған. Бұны қарсыласының айтуы мүмкін пікірдің алдын орай қолданған.

Қысқалық пен сөздің түйіндері айтылуы да — Демосфен шешендігінің ерекшелігі. “Бірді айыптап, көптің несібесін тартып алудың әділетсіздік екенін айтпай-ақ қояйын” дегендей, шымыр түйіндердің талайын айтқан. Бұл тәрізді сөзді тұйықтай айту қажеттілігі тұстарында, ой қысқа сөйлемге сыймай бара жатса, Демосфен сатылай айту тәсіліне ойысқан. Мәселен, — Мен мәлімдеп қана қойғаным жоқ, өз ұсынысымды жазып та бердім, жазып қана қойғаным жоқ, елшілікке де аттандым, елшілікке аттанып қана қойғаным жоқ, фивандықтарды көндірдім де — жоқ, мен бастан-аяқ барлық сыннан өттім, — деп шегелейді.

Демосфен тыңдаушыларының назарын әлдеқалай бір маңызды ойға аударғысы келген сәтте, оны бейнелеудің сан түрлі тәсілдерін еркін пайдаланған. Мәселен, бір сөйлемде ойды мақұлдау мен терістеу арқылы, — “... мен сіздерге бар шындықты ашық айтамын және ештеңені жасырмаймын” деп сендіре білген.

Өз пікірін ашық айтпай тұрып, сұрақ тастай сөйлеу арқылы да тыңдаушыларын ой түйіп, қажетті шешімге келуге мәжбүр ету Демосфеннің шешендігінің бір тәсілі болыпты. Бірде ол афиналықтарға, — “Алайда Эвбейді алып және онда Аттикаға қарсы бекініс жасаған ол (Филипп) осы әрекеттерімен әділеттілікті аяқасты етіп, бейбітшілікті бұзды ма, жоқ па?” — деп өзін мақұлдатқан.

Өзін қарсыласымен салыстыра отырып, антитеза арқылы тыңдаушыларын баурап, егескенін күйрету де Демосфендік шешендіктің бір қыры. Эсхин шешеннің өткенін өз жолымен салыстыра, — “Сен сауатыңды аштың, мен мектепке бардым. Сен құпияға берілдің, мен санатқа қосылдым. Сен хатшылық еттің, мен халық жиналысында мәжіліс құрдым. Сен тригонист болдың, мен көрермен болдым. Сен құладың, мен ысқырдым. Сен барлық саяси істе жауға қызмет еттің, мен — отан игілігіне”, — деп тойтарады.

Шешен тың ойды бастамас бұрын, — “Сонымен, мен бізге олинфяндарға көмек беруіміз керек шығар деймін және де, егер кімде-кім бұны тез арада, әрі оңтайлы түрде іске асыруды ұсынса, мен де оны өз тарапымнан қолдаймын”, немесе “Сонымен, меніңше, ақша қосып, өздеріңіз шын ықыластарыңызбен жорыққа шығып, қашан жағдайға иелік еткендеріңізше, ешкімді де кінәламаған жөн...” — дегендей, алдыңғы айтқанын түйіндеп отырған. Қажет болған жағдайда, өткенді еске салу, не айтқалы тұрған ойының аңсарын қысқаша мәлімдеп алу арқылы да шешен тыңдаушыларын өз сөзіне құлақ қоюына ынталандыра білген.

Демосфен бар тәсілдер мен әдістерді, шебер де үйлесімді қолдана біліп, сөздің төгілмелі, ағынды, әуезділігіне де көп мән берген. Дионисий Галикарнасский, “Сөзшендіктің соншалықты қырларын меңгерген мұндай шешенді табу қиын болар”, — деп бағалапты оны. Жалынды, намысты, отаншыл, қоғамшыл болған шешеннің ой тастауларынан биік талғамдылығы мен кісілік қасиеттерін танимыз.

\* \* \*

Цицерон — шешендердің шешені, бүкіл римдіктер арасында бірінші шешен атанып, өркениет әлемінде сөзі хатқа түскен шешен атаулыда өз есімін жоғары қойғызған сұңғыла. Ол шешендік өнерін білімге, білікке негізделген сан тарау ізденістерден тұратын ауыр еңбек деп білген. Бір нәрсені білген адам сол туралы

басқаларға да түсіндіріп бере алады дегенге ол келіспеген. Яғни, шешендік өнер үшін білу әлі жеткіліксіз, біліп тұрып та, жөндеп сөз құрай білмейтін адам, білгенін жеткізе алмайды. Физика ма, математика ма, ғылымның қай саласында болсын, маман өз еңбегін көпке түсіндіремін десе, шешендік өнеріне қолартуына тура келеді. Ғылымның мазмұны, яғни тек бірденені білгендік қана өз-өзінен кісіні шешенге айналдырмайды. Шешен сол, қандай да болсын өзіне түсіндіріп беруге тура келген жағдаятты ұғынықты, келісті, әсем, есте қалардай, әрі жарастықты орындап шықса. Небір сөздерді таңдап, қызылдаса да, не білім, не өз пікірі болмаса, бос ызың болып қала бермек.

Цицерон біліп тұрып, сол білгенін айта алмаушылық және мәнді ештеңе білмей, құр қызыл сөзге салынушылық тәрізді екі кереметтің барын ескертеді. Мұның екеуі де мәнсіз бола тұрса да, амалсыз таңдауға мәжбүр болсаң, “мылжыңның есуастығынан” “тілсіз ойды” артық санауға тура келеді деп бағалайды.

Цицерон “шешендікте “пальма біріншілігі — кім әрі білімді, әрі сөзшең болса, сонікі” деп санаған. Жанжақты білімсіз, құр сөзбен әрнәрсенің басын шалу әншейін әурешілік. “Мазмұн байлығы сөз байлығын тудырады, егер ой салмақты болса, ол сөзді түлетіп жібереді”. Әлбетте, сұртандай шешен адамның табиғи қасиет-қабілетін, яғни осы өнерге жаратылысынан бейімділігі болуының да маңызын еске салады. “Жаратылысында ақылды, өмірден түйгені көп, замандастарының не ойлап, не түйгенін, не біліп, не күтерін айтпай танып, өз сөзімен бірнәрсеге олардың көздерін жеткізгісі келген, кезкелген тектің, қай жастағылардың да, қандай топтың да тамырын баса білетін адам” шешен бола алатынына меңзейді. Ол кімде кім қоғамдық қызмет жолын таңдаған болса, сол шешендікті де игеруі қажет дейді. Жетілген шешенді ол пәлсапаға терең, сөзге шебер, күрескер, азамат деп санайды. Шешен сөз күші арқылы пікір қалыптастыруға, оқиғаға әсер етуге тиісті деп біледі. Шешендікті игеруге түбегейлі бетбұрған жан істі де даналықпен түсінуге ден қояды.

Цицерон құбылыстың табиғатын түсіну үшін философияны, ой түйуге қажетті мысалдарды пайдалану үшін тарихты білу парыз дейді. Ал шешеннің жеке табиғи қасиеттерінен есте сақтау, яғни жад, әзілге бейімділік және жағдайдың өзгеруіне қарайыңғайға көше білу қабілеттеріне айрықша мән берген.

Цицерон шешендік өнерді игерудің бес парызын айқындаған. Оның ең біріншісі, айтарыңның болуы, яғни сөзіңнің мазмұны. Екіншісі, сол айтпақ ойыңды салмақтап, жүйеге келтіру. Үшіншісі, көркемдеу, яғни әдеби өңдеу. Төртіншісі, жатқа сақтау. Бесіншісі, келістіріп тұрып, жақсылап айтып беру, сөйлеу.



Шешендік туа бола ма, жүре бола ма деген таласты пікірге осы бес парыз жауап бергендей. Цицерон жаратылыстан болатын табиғи қабілетті даусыз алға қоя отырып, тек қана соған малданып қалмай, жетілдіру қажет деп санайды. “Мен қандай шешенді болсын ғылым шындай алмайды дей алмаймын. Іздену арқылы жақсы қабілетті жетілдіруге және орташаны да қалыпқа келтіруге болатынын мен жақсы білемін” дейді. Ол өз заманындағы, яғни Рим шешендік мектептерінің оқыту жүйесін тұжырымдық, пәлсапалық негіздердің жоқтығы мен нақты тәжірибені елемейтіндігі үшін сынайды. Ол мектептердегі оқыту декламацияға, яғни ойдан шығарылған тақырыптар бойынша сөйлеуге негізделген. Ал, оған бейімделген жас шешендер кейін өмірдегі нақты жағдайға кездескенде қиналатын болған. Цицерон оларды дауыстары мен өкпелерінің күшін ғана баптайды деп мысқылдаған. Нақты іске қатысты орынды пікір орнына, олар қызыл сөзге салынып, құр мақамдап кететін болған. Ал, сөз көркемдігі ой тасқынынан табиғи түрде туындап жатуға тиісті. Пәлсапалық білім тереңдігі арқылы ғана сапаға жетуге болады, ал көркемдік талғам мен шешендік тәсілдері сөзді әсемдеп сенімділік күйге келтіреді.

Цицерон шешендік жаттығуда жазып дайындалудың да маңызды екендігін ескертеді. “Қалам — көркем сөздің ең жақсы жаттықтырушысы” дейді. Ал, басқалардан үйренуде ең өнеге тұтарлығына теңесуге ұмтылу керек. Өзің үлгі еткен шешеннің жақсысының бәрін алуға тырыс. Оңайын, көзге түсіп тұрғанын емес, ең маңыздысы, шынайы шеберлігіне жету. Ол еліктеу болып кетпеуі керек. Мықтыға қанша ұқсап тұрсаң да, көшірме түпнұсқадан ылғи да көш төмен болады. Халық алдында сөйлеу үшін сөзіңнің өзіндік “бейнесі”, өз мәнері болғаны абзал.

Цицерон шешендіктің өнердің басқа салаларына қарағанда қандай жауапкершілікті, нәзік екендігін былайша бейнелейді — “...Егер өнердің басқа саласындағы аты мәлім шебер бір ісін кездейсоқ дағдыдағысынан нашар орындап қалған болса, оны ол өзі әдейі жасады, не денсаулығына байланысты сөйтіп қалды дей салады... Ал, егер шешеннен сондай бір осалдық тапсыншы, оны тек ақымақтық деп санайды, ал ақымаққа кешірім болмайды, өйткені адам көңіл-күйге, немесе ауырғанға байланысты ақымақ болмайды”.

\* \* \*

Догматтық сарын қашанда барып тұрған білімсіздіктің салдарынан туады. Өзі де жаңа ғана білген нәрсесін басқаларға үйре-

туте құқылығына тек надан адам ғана сенімді. Шын білімдар өзінің сөзіне зейін қойыларына күдіктенбейді, сондықтан да ол кәдімгі қарапайымдылықпен сөйлейді.

**Жан де Лабрюйер.**

Сөйлегенде ойды өрістете келе, ең әуелі тыңдаушының санасына оның кестесін түсіріп, сосын салыстырмалы түрде бейнелей көзалдына келтіріп барып, жұмсақ сезімді астарда абайлап қана тыңдаушы жүрекке сала қойсаң, сонда тыңдаушы-тұтқының босатып жібергеннен кейін де сенен қашпай, құзырында қала бермек.

**В.О. Ключевский.**

Айтуға қажеттінің, тек қана айтуға қажеттінің бәрін айту керек және ештеңе айта білмегеннен гөрі, ештеңе демеуге дағдыланған абзал.

**А.Ф. Кони.**

## **IV. СӨЗҚОРЖЫН**

### **АЖА КІМ, ҚОЖА КІМ?**

“Ай дер ажа, қой дер қожа жоқ” дегенді мәтел деушілер де бар. Бұл мәтел емес, тұрақты тіркес. Бұл Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Мұқан Иманжановтардай үлкен қаламгерлеріміздің қолданыстары, сол негізде сөздіктерге енген түсіндірмелері бар сөз. Ажа тұлғасын жазба әдебиетке енгізген М.Әуезов. Содан бері бұл тіркес жұртшылықты қайсы дұрыс деген сұраққа қалдырып келеді. Тіркестің “әй дер әже, қой дер қожа”, немесе “әй дейтін әже жоқ, қой дейтін қожа жоқ” түрлері дау туғызбайды.

Ажа сөзін көне түркі тіліндегі ачу, аджу деген сөздерден түгтеп, ол әке, тіпті құдай деген мағына береді деген пікір бар. “Алғашқы сөйлем өзегі “ажа” болғандықтан, соңғы сөйлем желісі “қожа” болмай, басқаша дыбысталу мүмкіндігі жоқ”, — деп, — “қожа” сөзінің төркінін әңгімелеу артық”, — дейді. Онда қожа ажаға үндестік үшін ғана пайдаланылып тұрған сөз болып шықпай ма. Олай болса, әже тұлғасында ол сөз неге өзгермеген, “әй дер әже, қой дер қожа жоқ” деуге болар еді ғой? Сол үшін алдымен қожа сөзінің қолданылу мағынасын ашуымыз керек. Бұл жерде қожа ие, иелік етуші деген мағынада. Бұл әкеден кең ұғым, ел иесі дегенді меңзейді. Әй дегеннен қой деген басым, олай болса, қожа сөзінің

мағынасы да ажадан басымдылықты байқатады. Ол әй деп сескентуші емес, қой деп тиып тастаушы. Бұл сөз қолданылыс ыңғайына қарай әртүрлі мағына бере алады. Үй ішіндік болса — әке, ауыл көлемінде, не одан да жоғарырақ (мәселен, М.Әуезовтің қолдануында рулық деңгейде айтылып, қожалық болыстық иелікке меңзеліп отыр), әрқилы жағдаятта, сол көлемдегі басшылық-иелікке арналады. Яғни, кожа сөзі нақты бір мәнде емес, қозғалмалы, ыңғайына қарай үлкенді-кішілі мағыналанады. Қожаның ең кіші мәні әке, ең жоғарылағаны билеуші дегенге саятын болса, ажа-ның одан асып түсуі мүмкін емес. Өйткені, мәтелдің де, мақалдың да, тұрақты тіркестің де екінші сыңары алдыңғысынан асып түсіп, оны күшейте түсіп отырады. “Иттің иесі болса, түлкінің тәңірісі бар” демейді. Иттен түлкі басым емес, мақалда ежелден “иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар” деп күшейте айтылады.

Ажа мағынасы отбасының билігін ұстаған, үй-ішінің тәрбиесімен айналысар анаға келіп тіреледі. Қазақ отбасындағы бұл биліктің қашаннан әженің қолында екені мәлім. Ал, бұл сөздің ертедегі тұлғасы ажа болса ғажап емес. Тілімізде абысын-ажа қос сөзінің болуы осындай жорамалға келтіреді. Ғалым І.Кеңесбаевтың дерегінде, — “Ажа” түркі халықтарының ерте дәуірінде билеп-төстеуші деген ұғымда айтылған. Шағатай тілінде ажа деген “аға” мағынасын, ұйғыр тілінде ача “туысқан апа” мағынасын, қырғыз тілінде ажа деген “үлкен кісі” (отағасы) мағынасын білдіреді” (“Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі” — 620 бет), — дейді. Басқа тілдерде ажы, ача, ажа тұлғаларында әртүрлі мағыналар беретін бұл сөздің бізде абысын — ажа, абысын — ажын, абысынды-ажынды түрлерінде айтылып, өкшелес егде әйелдердің туыстық (күйеулері жағынан), құрбылық мағынасын білдіретін сөз болып қалыптасуының ешқандай оғаштығы болмаса керек. “Монғолдың құпия шежіресі”-нің қазақшаға аудармасынан бұл тіркестің бата түрінде және әже, ажа-ның ата-ға да ауыстырылғанын көреміз. “Ай, дейтін болсын атасы, Қой дейтін болсын қожасы” (40 бет), немесе, “Ай дейтін болсын ажасы, Қой дейтін болсын Қожасы” (44 бет). Бұл сөздің тегі монғолдан шығып тұр деген ұғым бермесе керек.

Аудармашының монғол тіліндегі осындай ұғымды беруге пайдаланғаны болар.

Мұхаңның ажа тұлғасын алуына тілімізде толық негіз бар. Кейіпкер атынан айтылғандықтан, оның сөйлеу мәнеріне сәйкес қолданылуы да мүмкін. Мұхаң ай дер деп те, әй дер деп те бастаған, бірақ екеуінде де ажа сақталған. Әй-дің ай-ға ғана емес, ей-ге де өзгеріп кететіні бар. Одан екпіндік қана айырма болма-

са, мағыналық өзгеріс болмайды. Ең жиі қолданылатыны әй, әсіресе әйелдер көбірек айтады.

## АЙ КӨРДІМ, АМАН КӨРДІМ...

Ұлтымызда жылдың әр айы аяқталып, жаңа ай туғанда, — “Ай көрдім, аман көрдім, баяғыдай заман көрдім, ескі айда есіркедің, жаңа айда жарылқа”, — деп өткен айдан аман шыққанына тәуба қылып, жаңа туғанынан үміт күтетін ырым бар.

Бұл сөзді жаңа туған айды көргенде айтады. Айдың алғашқы жеті тәулігін “бір жаңасы — жеті жаңасы” деп санамалап, сегізінші тәулігінен бастап “бірінші ширегі” дейді. Бұл жеті-тоғыз тәулікке созылады. Одан кейін толған ай, яғни айдың толық көрініп, бұлтсыз түндердің сүттей жарық болатын кездері өтеді. Бір жетіден кейін ай кеми бастайды. Бұл айдың соңғы ширегі. Айдың кеш туатын осы шағын қазақы ұғымда айдың қорғалауы дейді. “Ай қараңғы, таң жарық”, “айдың қараңғысы” дегендер де осы айдың таусылар кезі. Ал, айдың өларасы — ескі айдың бітіп, жаңа айдың көрініп үлгермеген шағы.

Жаңа туған ай шалқасынан жатса, “өзіне жайлы, халыққа жайсыз”, ал егер тіке тұрса, “халыққа жайлы, өзіне жайсыз” деп болжал етеді. Яғни, айдың ашық, не жауын-шашынды, боранды, қызылды болу-болмауын болжайды.

## АЙДАРЛЫ МЕН ТҰЛЫМДЫ

Ұлт дағдысына зер салсақ, Баба түкті — шәшті Әзізге дейінгі және одан кейінгі бірқатар замандарда да тегімізде ер адамдардың шәш қою, яғни шәш өсіру әдеті болмағандай. Шәш қою тек бергі заманда, яғни Ресей жұртына араласа бастаған кезден басталған сыңайлы. Ал, олардың өзі де бұл ғадетті әржағынан, Европа жұртынан жөндесе керек. Арғы заманда олар да жөндеусіз жалбыр шәш, не тұлым өсірген, қауға сақал халық болғандай. Біздің де орта жасқа дейінгілердің қауға сақал қоюлары өз дағдымыз емес, араб жұртынан ауысқан салт тәрізді. Қауға сақал деп жансақалы мен иек асты, ауыз төңірегін түгел қамтыған түкті тұтастыра өсіруді айтады. Ал, қазақ қалпында басты мезгіл-мезгіл тақырлай қырып, шәшті бір еліден асырмай ғана өсірген. Сақалды — үлкен кісілер, жақ түгін қырып, шәшпен аралығын ажыратып, сыпайылап қойған. Орта жастың сәні — мүрт болған. Ал, бозбала мен жас жігіттер мүрт қоюды ұстана бермеген.

“Мүртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты” деуі де сол мүрт, сақал күтіміне орай айтылса керек.

Әйтседе, бізде шәш қою болмағанымен, оның тұлдыры болған. Ол — кекіл, айдар, тұлым делінген. Бұлар да адамдарға жаппай емес, түрлі ерекшеліктеріне қарай қойылған.

**Кекіл.** Жас балаларға, яғни кішкентай ұлдарға қойылады. Мый үстіндегі бір шөкім шәш, маңдайға түсірілсе, қысқа ғана өсіріледі. Ол шәш алынған сайын жөнделіп, қысқартылып отырылады. Жаңа түскен жас келіннің бала қайнысына Кекілдім деп аттергейтіні, оның сол балаға кейін жігіт шағында да біразға дейін атау болып жүретіні болған.

“Маңмаңгер кекілің келте, жалың майда” дегендей, кекіл жылқыда да болады. Негізі балаға қойылатын кекіл де осы құлынтай, ат кекілінен болса керек. “Ат кекілін кесісу” деген тұрақты тіркес бар. Мағынасы — араздасу, кетісу, жауығу. Жылқы кекілімен сәнді. Аттың кекілін тарап, сәндеп мінген ата салтта, сол мініп жүрген аттарының кекілдерін кесіссе, өкпе-ашудың ұстауға ұласқан араздыққа айналғаны болып саналған. Сондай-ақ, кекіл деп есіктің тиегін де айтады. Бұл — кигіз үйдің сықырлауық есігінің, қора-қопсы, кілт үй тәрізді орындардың есіктеріндегі ағаш тиектер. Ол есіктің маңдайшасында болады. Бейқам заманның бейбіт бекітпелері ғой.

**Айдар.** Сәл ересек балаларға қойылатын шәш түрі. Бұл — “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” (1т. Алматы — 1959ж.) айтылғандай, — “Баланың төбесіне қойылған тұлым” емес, айдар. Яғни, ер баланың жас шамасына қарай қойылатын өзіндік ерекшелігі бар шәш қою түрі. Кекіл 2-5 жас аралығын қамтыса, айдар 5-13 жас арасындағыларға қойылады. “Он үште отау иесі” дейтін ата салтында, бұл жаста қыз — бойжеткен, ұл — ер жеткен болады. Бозбала дәрежесіне көтерілген ұлдар бұл кезде айдардан да азаттанады.

Айдар — төбе шәш емес, маңдайлықты кең қамтыған, кекілден көлемді де ұзынырақ қойылған шәш. “Айдарынан жел ескен” деуі оның жолы болды деген мағынасымен қатар, шәштің де едәуір, жел желбірететіндей болатындығын деректейді.

Айдардың сәнмен бірге әлеуметтік те мәні болған. Айдарды негізінен билікті, дәулетті әулеттердің балалары қойған. Топ бастаған, ел бастаған, қол бастаған кісілерді — елдің айдарлысы деп атаған. Халық ақыны Уәлінің:

“Айдарлым түсті азапқа,  
Болатын тұтқа қазаққа.  
Ахметке қол салу —

Көрсеткен бізге мазақ па?!” — деген сөзі ұлт көсемі атанған Ахмет Байтұрсынұлының ұсталуында айтылған.

Кекілде Кекілбай дара есім болса, айдарда — Айдар, Айдарлы, Айдарбек, Айдархан, Айдаркұл, Ақайдар, Бегайдар, Жанайдар, Мінайдар дегендей көптеген есімдер бар. Ертегілерде Алтын айдарлы ұл жиі айтылады. “Бір жұлдыз бар аспанда ай көзіндей, Алтын айдар, жарқын жүз мен де өзіндей” деген сөз халық әнінде де бар (“Айтжан”). Бұл — теңеу сөз, әсірелеу.

Айдар бірқатар құстардың еркегінде, кейбір хайуанат-жәндіктерде де болады.

“Ат қойып, айдар тағу” тұрақты тіркесі, әлдебір себептен кісіге жанама ат қоюға байланысты айтылады. Ол кей іретте келемеж, күлкі ету тұрғысында болады. Мәселен, Суайт, Судырахмет, Мияу, Бөспе, Әупірім, Көсе, Сұмырай, Тассараң, Безбүйрек, Бадырақ, Ебелек, Жанғалақ, Қаңбақшал т.б.

Айдар сөзі кейінде газет-журналдардағы белгілі бір бағдарлама бойынша жүргізілетін жүйелі, тұрақты бір тақырып атауы да болып кетті. Мысалы, толғауы тоқсан туған тіл, атаусөз өресінде, тілге достың мұңы жоқ тілден басқа, сөзтаным дегендей.

Тұлым. “Айдарлысын құл, тұлымдысын тұл етті (қылды)” деген сөзге — “Айдарлы” деген ер кісі, “тұлымды” деген әйел кісі мағынасында айтылып тұр” деп түсінік береді “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде”. Сөздің дұрысы — “Айдарлысын құл, тұлымдысын күң етті” деген нұсқа (“ҚТТС” — 9 том).

Тұл — күйеуі қайтыс болған жесір әйел. Ал, тұлым жасөспірім қыз балаларға қойылады. Бұл — қыз бойжетіп, бұрым өсіргенге дейінгі шәш. Тіпті кішкентайларға қойылған мұндай шәшті тұлымшак дейді. “Иә, бұл қыстауда талай-талай айдарлы ұл, тұлымды қыз дүниеге келді” (Ө.Канахин, Жер бас) деген мысал дәл келтірілген (“ҚТТС” — 9т.).

Тұлым қыз баланың екі шекесіне өсіріліп, өріліп, бау тағылып қойылатын, әдемі, жарасымды шәш өсірудің бір түрі. Мұны болашақ бұрымның негізі десе де болады. Тұлымшак, тұлым қыз бойжете келе бұрымға айналады. Қолаң шәш, сүмбіл шәш осылай өседі.

## АҚҚҰС

“Өзі бір аққұстанған бірдеңе ғой, аққұстанбай қойсаңшы, аққұстанбай отыр былай” дегендей іренішті кейістік сөз бар. Ол біреудің жеңілтек мінез-қылығын ұнатпаған жағдайда айтылады. Бұл — сауысқан, тіпті орыстың “Белая ворона” дегеніне де мән-дес сөз. Сөздің ішкі мәніне емес, сыртқы сәніне ғана қызыққан болуы керек, аққұс сөзі өлеңде сұлулық теңеуі, кәсіпкерлікте кіші кәсіпорын атауы болып т.б. жағымды мағынада қолданылып жүр.

Астана көшелерінің бірінде жарнамалық тұрғыда “АманАт” деп әшекейлеп жазылып қойылған. Ал, мұның ұлттық әдепте үлкен әбестік екенінде ешкімнің шаруасы да жоқ.

## “АЛТЫН СЫРҒА”

Әңгіме үстінде біреудің жақын-жуығына байланысты ұнамсыз жайды, не сол ортадағы жасы кіші адамдарға, әсіресе қызкеліншектерге ерсілеу сөзді айтуға мәжбүр болған жағдайда, кешірім сұрау есепті айтылатын осы сөзді кейбір басылымдар (газетті сынау үшін емес, сөз төркінінің дұрыс түсіндірілуі мақсатында болғандықтан, басылым атын атамай-ақ қояйын) жағымды хабарды жеткізу мағынасында қолданылып жүргені байқалады. “Құлағына алтын сырға” (келіннің құлағына алтын сырға, қыздардың құлағына алтын сырға, әйелдердің құлағына алтын сырға т.б. жеке адамдардың да атын атап осылай дейді) деген тұрақты тіркес әңгіме арасындағы ағымсыз сөзді бейтарап адамға, яғни оны тыңдауға жасы, жолы, жынысы тағы басқа да рәуәйттары келмейтіндерге “сен естімеген бола сал” мағынасында айтылатын тілек есепті.

## АС БЕРУ

Тағы бір басылымда тақырып “Ас беру” деп қойылып, миллионердің жеке кәсіпорынын таныстыруға арналған қонақ шақыруы туралы сөз болады. Халқымызда ежелден Ас беру және қонақасы деген ұғымдар дербес мәнде. Қонақасы — арнаулы шақырылған, не арнап келген кісілерге берілетін кәделі дәм. Ас беру — қайтқан адамдарға, жылына, не одан кейінгі еске алуларда жасалатын құрмет. Ас берудің — азалы және торқалысы болады. Азалысы — жас қайтқан кісілердің жылы, ал торқалысы ертеректе қайтыс болған елге белгілі адамдардың еске алынуы. Азалы аста көңілді ойын-сауық болмайды, ал торқалыда — ат шаптыру, көкпар, күрес сияқты ойындар болып, ақындар айтысады. Бұл қазіргі Қабанбайдың, Бөгенбайдың, Абылайдың, Шақшақ Жәнібектің, Ахметтің, Міржақыптың еске алынулары сынды.

## АТАЛМЫШ ЕМЕС, АТАЛҒАН

Журналшылардың кейінгі толқыны аталған деген сөзді осы күні аталмыш деп жазатын болып кетті. Біздіңше, бұған дейін аталмыш деген сөз бір қолайсыздау оқиға, сенімсіздеу нәрсені

кекеу, мысқылдау орайында айтылатындай еді. Онда әлі аталған сөзі ие болғандай нақтылық жоқ, мыш та мыс-тың дыбыстық өзгеріске түскен түрі. Болыпты-мыс, айтыпты-мыс, сөйтіпті-міс дегендей дейді хабар. Дүдәмал, екіұшты пікір білдіретіндей мәнге бейім тәрізді. Ал, аталған — нақты, дәл мағыналы айқын сөз.

Жарайды, жастар жастар болсын, ал бұл сөздің естияр аға қаламгерлердің алдынан айылын жимай еркін өтуі қалай?

## АТСЫЗ КӨКЕК АЙ АТЫ МА?

Тәуелсіздік алғалы көкек қуғынға түсуде. Бұрын көнекөздер ғана өзара әңгімеде көкек десіп, қалғанымыз апрель деп жүре беретінбіз. Жұлдыз есептегендер ғана сәуір сөзін ара-тұра айтып қалатын. Енді дербес мемлекет болып, ұлттық тілде күнпарақ шығарып, ай аттарын да өзімізше атау мүмкіндігі туғанда, дау шықты. Көкек ұрпақ өсірудегі жауапсыздығы үшін ай санатынан ресми түрде шығарылып тасталды.

Алайда, көпшілік бұған қарсы болып келеді. Мойындамай келеді. Ай атын бұрынғысынша көкек деп атап, көкек деп жазып келеді. Уәж: көкек те Тәңірінің жаратқан мақұлығы. Оны солай жаратса, не шара. Табиғатта, іс-әрекеті иманыңды қасым етер, одан да өткен үлкенді-кішілі тіршілік иелері бар. Соған қарамас-тан, олардың да өмір сүру құқы бар, қорғалады. Ал біздің, ғасырлар бойы қуғындалмай, не саясат болса да, ұлт жадынан өшпей, тәуелсіз елдікке жеткенше халқымыздың санасында келген, Түркі жұрты сәуір деген сөзді естуден не ықылым заман бұрын қолданыста болған сөзден бүгін үрке қалғанымыз не?

Осындай, уәжі қоса айтылған үлкен сұрақ әртүрлі ортада оқтын-оқтын көтеріліп келеді. Оған әркім әртүрлі жауап айтады. Бірі көкекті даттайды, бірі қорғайды. Ал, Терминкомның көкекті ақтар сыңайы байқалмайды.

Жалпы менің, ай атындағы көкек сөзінің құс атауы екеніне күдігім бар. Ойға салып көрелікші. Наурыз — күн мен түн теңескен, жыл басы, қуаныш айы. Көкек — құс аты деп жүрміз. Мамыр — жерімізге жылудың әбден келіп, мамыражай болған шак. Маусым — жаз маусымының басы, табиғаттың бейжай шағы. Шілде — ең ыстық, шіліңгір шак. Тамыз — бау-бақша өнімінің пісіп, тамар шағы. Қыркүйек — жануарлардың, негізінен дала жануарларының күйек шағы. Қазан — от жағар, қазан көтерер кез. Қараша — жердің көгі солып, қурап, қоңырқай тартқан, қар да емес, қара да емес кезі (қарашадан қар қалмас). Желтоқсан — желді, суық ай. Қаңтар — күннің қысқа, түннің ұзақ,